

**Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің
2025-2026 оқу жылындағы бірінші
жарты жылдық есебі**

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханашысының бірінші жарты жылдық есебі

Түркістан облысы Төлеби ауданы Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 5-қыркүйек тілдер мерекесіне орай "Туған тілім тұғырым" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқырмандарға өз ана тілінің қадір қасиетін біліп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету. Өз ана тілін құрметтей білуге, дәріптеуін, қадір қасиетін ұғындыруға үйрету.

<https://www.facebook.com/share/v/1DAXuP2peA/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында «Балалар кітапханасы жобасы» аясында «Менің сүйікті ертегі кітабым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балалардың ертегі әлеміне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Көрмеге қазақ халық ертегілерімен қаттар әлем халықтарының танымал ертегі кітаптары қойылды. Іс-шара барысында оқушылар сүйікті ертегі кітаптармен танысты. Кітапханашы оқушыларға ертегілердің тәрбиелік мәні туралы әңгіме жүргізді.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ертегілер арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау және оқырмандық мәдениетті дамыту.

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 7-6 сыныптар арасында Абай Құнанбаевтың туылғанына-180 жыл толуына орай Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқу өткізілді.

Мақсатты: Оқушыларға әдебиетіміздегі ең үздік туындылардың насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1MnmUNvi5t/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Білім кілті- кітапхана» атты танымдық саяхат ұйымдастырылды. Алғашқы қадамдарын мектеп табалдырығынан бастаған 1- сынып оқушылары кітапханаға арнайы барып, кітап әлемімен жақын танысты. Кітапханашы балаларға кітапты ұқыпты ұстау ережелерін түсіндіріп, қызықты ертегілерден үзінділер оқып берді.

Балалардың кітапқа деген қызығушылығын артып, жүздерінен қуаныштың нұры сезілді. Бұл - олардың оқырмандық мәдениетінің бастау бұлағы боларына сенеміз.

<https://www.facebook.com/share/v/1FbZ8ihxkS/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 5-11 сыныптардың барлық оқушылардың оқулықтары тексерілді. Оқулықтың сыртқы мұқабасының жағдайы, қапталған қапталмағаны, ішкі беттерінің жыртылуы, сызылған-сызылмағаны тексерілді. Жалпы алғанда, оқулықтардың сақталу деңгейі қанағаттарлық. Дегенмен кейбір сыныптарда оқулықтардың қапталмағанына ескертулер айтылды.

Мақсатты: Оқушылардың оқулықтарға деген ұқыптылығын арттыру, кітаптардың сақталу жағдайын тексеру, бүлінген немесе жоғалған оқулықтарды анықтау.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеп кітапханасында қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында қарттармен кездесу өтті. Қарттар-ұлттық қазынасы, елдің ар-намысы мен рухани тірегі. Қарияларымыздың өмірлік тәжірибесі, еңбекқолығы мен мейірімділігі-жастар үшін үлгі, ұлт үшін байлық. Қарттарға қамқор болу- адамгершіліктің белгісі, ал олардың батасы -өміріміздің жарық шамы.

<https://www.facebook.com/share/v/1BwYhnaWMJ/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында мектеп кітапханасында 1-3 сыныптар арасында Ертегілер еліне саяхат тақырыбында оқушыларымыз Қиял -ғажайып ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, күлдіргі ертегілер, тұрмыс салт ертегілерін айтып ондағы кейіпкерлерді сомдады.

Мақсатты : Оқушылардың ертегілер арқылы адамгершілікке, мейірімділікке, батылдыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/189xqr6ia3/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Адал Азамат » Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Кітапханашылар күніне орай ашық есік күні өткізілді. Бұл күні болашақ кітапханашы 11- сынып оқушысы Айтжан Балауса кітапханашының орнын олтырып өзін нағыз кітапханашы ретінде сезініп көрді.

Кітап- білім мен тәрбиенің қайнар көзі, ал кітапхана- рухани орда!

Бұл шараның сақсаты- кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, рухани байлықты насихаттау және кітапханашылардың еңбегіне құрмет білдіру.

<https://www.facebook.com/share/r/1BiSDzx3Ys/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеп кітапханасында Рәміздер күніне орай «Ел рәміздері- еліміздің белгісі» атты танымдық шара ұйымдастырылды. Кітапханашы Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран туралы мағлұмат беріп, оқушыларға олардың авторларын таныстырды. «Мемлекеттік рәміздер- мақтаншым» атты кітап көрмесі қойылды. Мақсатты : Оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерінің тарихы мен маңызын түсіндіру, отансүйгіштік пен ел жандылық сезімдерін қалыптастыру.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске иасыру мақсатында, оқушылардың күзгі демалыс уақытында бос уақытын тиімді және тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Демалыста кітап оқимыз» атты танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар қызықты кітаптармен танысып, өзара сүйікті кітаптармен ой бөлісті. Кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін дамытуға бағытталған шара оқушылар үшін мазмұнды да пайдалы уақытқа айналды.

<https://www.facebook.com/share/r/1CQVnWroS4/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Республика күніне орай, жоспарға сәйкес мектеп кітапханашысы Қуат Нұргүл мен педагог-ұйымдастырушы Байғанаева Динараның ұйымдастыруымен «Қазақстан- татулық ордасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылардың бойында бірлік, татулық және өзара сыйластық сезімін қалыптастыру, қазақстандық қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің маңызын ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/r/1BtzojTTS/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Мәлік Ғабдуллиннің туылғанына 110 жыл» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Шара барысында оқушылар ақынның өмір жолымен, ел тағдыры үшін жасаған ерліктермен танысты. Сондай-ақ әдеби сағат барысында М. Ғабдуллиннің шығармалары мен деректері материалдары талқыланып оның батырлыққа, ел сүйгіштікке шақырған ойлары оқушыларға рухани азық болды. Оның есімі мен ерлік істері мәңгілік ел жанында сақталып, жас ұрпақтың жүрегіне патриоттық рухтың шамшырағы болып қала береді.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің кітапханашысы Қуат Нұргүлдің ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті ақыны, халық жазушысы, балалар әдебиетінің бәйтерегі Мұзафар Әлімбаевтың өмірі мен шығармашылығына танымдық сабақ өткізілді. Сабақ барысында ақының өлеңдері мен нақыл сөздері оқылып, тәрбиелік мәні терең ой пікірлер талқыланды. Мұндай сабақтар жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді.

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханасында Валюта күніне орай 2-сынып оқушыларымен танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты-оқушыларға ақшаның шығу тарихы, әр елдің валютасы туралы қарапайым түсінік беру және қаржылық сауаттылыққа баулу. Шара барысында оқушылар түрлі елдердің ақшалары мен танысып, қызықты мәліметтер алды. Сұрақ- жауап ұйымдастырылып, балалар белсенділік танытты. Іс- шара оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімдерін кеңейтуге ықпал етті.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптардың барлық оқушылардың оқулықтары тексерілді. Оқулықтың сыртқы мұқабасының жағдайы, қапталған қапталмағаны, ішкі беттерінің жыртылуы, сызылған-сызылмағаны тексерілді. Жалпы алғанда, оқулықтардың сақталу деңгейі қанағаттарлық. Дегенмен кейбір сыныптарда оқулықтардың қапталмағанына ескертулер айтылды.

Мақсаты: Оқушылардың оқулықтарға деген ұқыптылығын арттыру, кітаптардың сақталу жағдайын тексеру, бүлінген немесе жоғалған оқулықтарды анықтау.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында « Балалар кітапханасы» жобасы аясында « Мен оқыған бір кітап» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балалардың ертегі әлеміне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Көрмеге қазақ халық ертегілерімен қаттар әлем халықтарының танымал ертегі кітаптары қойылды. Кітапханашы оқушыларға ертегілердің тәрбиелік мәні туралы әңгіме жүргізді.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ертегілер арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау және оқырмандық мәдениетті дамыту.

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 5- сынып оқушыларымен қазақтың көрнекі ақыны Ж. Нәжмедіновтің шығармашылығына арналған танымдық сабақ өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар ақының өмірі мен еңбектері туралы мағлұмат алып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Шара жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, рухани тәрбие беруге бағытталды.

Жаңажол жалпы білім берентін мектеп кітапханасында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 10 күн» «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балалық шақ- мейірімге қауіпсіздікке және қамқорлыққа толы болуы тиіс өмір кезеңі. Әрбір бала зорлық-зомбылықсыз, тыныш әрі қолайлы ортада өмір сүруге құқылы.

Мақсатты: Отбасындағы қарым қатынас мәдениеті туралы түсініктері кеңейту. Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/r/1ZCoo1Rh5H/>

Жаңажол жалпы білім берентін мектеп кітапханашысы Қуат Нұргүлдің ұйымдастыруымен Сапарғали Бегалинге 130 жыл толуына орай кітап көрмесі жасалынып және танымдық сабақ өткізілді. Қазақ балалар әдебиетінің көрнекі өкілі, жазушы, ақын аудармашы С. Бегалин жас ұрпақты еңбекке, білімге, адамгершілікке тәрбиелеген қаламгер. Оның шығармалары балаларды табиғатты сүйуге, елін құрметтеуге адалдық пен мейірімділікке баулиды. Оқушылар С. Бегалиннің өмірі мен шығармалары мен танысып табиғат туралы өлеңдерін жатқа айтып берді.

Көрмеде жазушының

- Балаларға арналған әңгімелері мен повестері
- Танымдық шығармалары
- Әдеби мұрасына арналған материалдар ұсынылады.

Жаңажол жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 15 желтоқсан күні оқырмандармен желтоқсан құрбандарын еске алу күні аталып өтті.

Кітапханада «Желтоқсан жаңғырығы» атты кітап көрмесі жасалынып, оқырмандарға таныстырылды. Оқушылар желтоқсан құрбандары туралы бірнеше мәлімет алып, өздері де өз ойлары мен бөлісті.

Мақсатты: Өсіп келе жатқан жас ұрпақты ұлт жандылыққа баулу, патриоттық сезімдерін ояту, өз жерін, ұлтын, Отанын тілін сүйуге құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/r/1BnwZqF38V/>

Түркістан облысы, Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жанажол жалпы білім беретін мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану, білім көкжиегін кеңейту мақсатында «Ақ ұлпа астындағы кітаптар» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушыларды қысқы демалыс уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуге бағыттау, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани дамуына ықпал ету.

<https://www.facebook.com/share/v/1aePGVjmyY/>

Түркістан облысы Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты Жанажол жалпы білім беретін мектеп "Адал азамат" Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, мектебімізде 5-11 сынып оқушылары арасында "Шын жүректен кітап сыйлайық" челленджи мектеп парламентінің және кітапханашының ұйымдастыруымен өткізілді.

☞ Мақсаты : Оқырмандық мәдениетті қалыптастыру ,балалар мен жасөспірімдерді кітапқа деген қызығушылығын арттыру , кітаптың тәрбиелік мәнін ұғындыру және қоғамда жақсылық жасауға,мейірімділікке үндеу .
Сонымен қатар,жеке кітаптарды ортақ игілікке айналдыру арқылы кітапхана қорын толықтыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1FbZ8ihxkS/>